



LearnEnglish Family



Бірге
оқу қызықты!



Балаларға кіші жас кезінде
ағылшын тілін үретудің ерекшелігі



Балалар ағылшын тілін шет тілі ретінде қалай үйренеді

Кішкентай балалар тілді табиғи түрде үйренеді; олар сөздік қорларын өз бетінше кеңейтеді, жас өспірімдер және ересек адамдардан өзгешелігі саналы үйретуді қажетсінбейді. Олар сөздердің айтылуын дәл келтіріп және өздерінің ережелерін ойлап табатын қабілеттері бар. Ересек адамдар есейген шақта ағылшын тілін грамматика оқулықтары бойынша қиналып оқығандарын балаларға айтпаса, олар ағылшын тілін үйренуді қиын екенін білмейді.

Ерте үйренудің артықшылықтары

- Кішкентай балалар ана тілін меңгергенде табиғи тәсілдерін қолданады және ағылшын тілін үйрену үшін сол тәсілдердің қажет екенін түсінеді.
- Балалардың ойын барысында оқуға мүмкіншілігі болады. Олар тілді қарым-қатынас және ересектермен бірлескен қызмет арқылы меңгереді. Бала ең алғашқыда іс-әрекеттің мәнін түсінеді, содан кейін оның мағынасын ересек адам айтқан сөз арқылы түсінеді.
- Жасы кіші балалардың күн сайынғы бағдарламасында ағылшын тілінің сабақтарын еңгізу үшін уақыт жеткілікті. Бастапқы оқыту бағдарламасында оқыту қарапайым, ересек балаларға арналғандай тапсырмалар мен тексерулері көп, әрі күрделі емес. Кішкентай балаларға тапсырма аз беріледі, немесе тіпті үйге тапсырма берілмейді, сондықтан олар тапсырма берілген стандарттарға сәйкес келуіне қиналмайды.

- Ерте жас шамасында екінші тілді үйренуге мүмкіндігі бар балалар тілді меңгерудің табиғи әдістерін өмір бойы қолданады. Үшінші, төртінші немесе одан да көбірек тілдерді меңгеру екінші шет тілін үйренуге қарағанда жеңілдеу болады.

- Шет тілін табиғи түрде үйренген кішкентай балаларда үлкен балалардың немесе ересек адамдардың саналы түрде үйренуімен салыстырғанда, олар тілді жақсырақ меңгеріп, сонымен бірге оларда тіл және мәдениет сезімі күштірек болады. Балалар үлкейген сайын тілдерді үйренуге деген қабілеттілігі азаяды, сондықтан олар ағылшын тілін грамматикаға негізделінген бағдарламалары бойынша оқуға мәжбүр. Мұндай өзгерістер болатын жас шамасы баланың жеке дамуына тәуелді болады, сонымен бірге оның қоғамдық ортасына да байланысты.

Кішкентай балалардың ағылшын тілін меңгеру кезеңдері:

Табиғи түрде алдымен сөйлесуге, содан кейін оқу мен жазуға үйрену.

- Үндемейтін кезеңі:

Балалардың ана тілін үйрену барысында «үндемейтін кезеңі» деген болады, сонымен бірге олар сөйлеуден бұрын ым және ымдар арқылы қатынаса алады. Кішкентай балалар ағылшын тілін оқыған кезде де, ұқсас «үндемейтін кезеңі» болады: балалар қатынасып, бір-бірін түсіне алады, бірақ іс жүзінде ағылшын тілінде сөйлемейді.

Бұл кезеңде ата-аналар балаларды әңгімелесуге және сөздерді қайталауға мәжбүр етуі қажет емес. Әңгіме бір жақты болуы керек, ересектердің сөйлеген сөздері балаларға тілді меңгерудің мүмкіндігін беруі керек. Егер ересектер оқытуды жеңілдету үшін тек қана «ата-аналық тілді» қолданса (ықшамдалған сөйлеу тілі), бала ана тілін игеруінде қолданған көп әдістерді қолдана алады.

- Бала сөйлей бастайды

Біраз уақыттан кейін ағылшын тілінің сабақтарының жүйеліліктеріне байланысты, әрбір бала (әдеттегідей қыз бала ер балаға қарағанда ертерек) жеке сөздерді («*cat*», «*house*») немесе қысқа сөйлемдерді («*What's that?*», «*It's my book!*», «*I can't*», «*That's a car*», «*Time to go home*») диалог шеңберінде немесе дербес өтініш ретінде айтады. Бала оны еске сақтады, тіпті айтылуын дәл келтіре алып, кейбіреулері бір неше сөздерден тұра алатынын сезіктенбейді. Осы кезең болғанша бала сөздер және сөйлемдер қорын қысқа диалогтарда толықтырады, өз сөйлемдерін құрастыруға үйренеді.



- Сөз тіркестері мен сөйлемдерді ағылшын тілінде құрастыру.

Бала біртіндеп фразаларды құрауға үйренеді: ол өз сөздік қорынан таныс сөздерін жаңа жадында қалған сөзге қосады («a dog», «a brown dog», «a brown and black dog») немесе жадында қалған тіл құрылысын өзіне бейімдейді («That's my chair», «Time to play»). Ағылшын тілі сабақтарының жүйелілікке және сапасына байланысты балалар толық сөйлемдерді құрастыруға үйренеді.

Түсіну

Түсіну сөйлеу тілінен әрдайым озық тұрады, және кішкентай балалардың ұғынуға қабілеттілігін зор екенін ескеріп, контекстік анықтамалар жиыны негізінде ана тілін меңгерудегі олардың жетістіктері ескерілуі керек. Алайда, олар ана тілінде естіген әр сөйлемнің толық мағанасын түсіне алмағанымен, бірнеше аталы сөздерді түсініп, әр түрлі анықтамалар қолдана отырып әңгіменің толық мәнін аңғарады. Егер оларды жағдай жасап қолдаса, балалар содан кейін ағылшын сөзінің мағынасының түсінуіне бұл дағдыларды іске асыра бастайды.

Өкпе, реңіш

Кейбір кішкентай балалар ағылшын тілі сабақтарының бастапқы жаңалығынан кейін, ер балалар әсіресе, ағылшын тілінде өз ойларын жеткізе алмайтындығына қамығады. Басқалары ағылшын тілінде өз ана тіліндей тез сөйлеп кеткісі келіп асығады. Өкпені жеңу үшін, олардың жетістіктерін көрсету мақсатымен балаларға өлеңдер немесе есеп жаттау мүмкіндігін беру қажет.



Қателер

Балаларға олардың қателері туралы айтуға болмайды, өйткені кез келген ескерту баланың оқуға деген ынтасын жояды. Қателер - ағылшын тілінің грамматикалық ережелерін меңгерудің табиғи процесстің бір бөлігі. Сөздерді теріс айтылуына байланысты қателер болуы мүмкін. Балалар өз қателерін жылдам дұрыстайды. Мысалы «I goed» «I went» деп, егер ересек адам «yes, you went» деп, немесе «zee bus» сөзінің орнына «the bus» деген жауап қайтарылса, балалар өз қателерін жылдам түзетеді.

Гендер айырмашылықтары

Ер балалардың ми дамуы қыз балалардікінен өзгеше, сондықтан олар тілді басқаша үйреніп қолданады. Аралас сыныптарда ер балаларға кейде жеткіліксіз көңіл аударылады, және тіл қабілеттері көбірек қыз балаларға қарағанда, ер балаларға зер салынбай қалып қалады. Ер балалардың потенциалын ашуға көмектесу үшін олардың тіл үйренудегі айырмашылығын есепке алу керек және қыз балалардың жетістіктерімен оларды салыстыруға болмайды.



Ағылшын тілін үйренетін орта

Кішкентай балаларға ағылшын тілін үйрену үлкендердің түсініктемесімен ана тілінде түсіндірілмейінше қиындау болады.

- Ең алдымен балалар қобалжымауы тиіс және ағылшын тілінің қолдануының қажеттілігін білу өте маңызды.
- Ағылшын тілінің үйренуі күн сайынғы таныс қызықты іс-әрекетпен байланысты болуы керек, мысалы, суреттері бар кітапша немесе ағылшын тіліндегі жеңіл өлеңдер сияқты т.б.
- Әрбір іс-әрекет ана тілінде ересек адамдардың түсініктемесімен немесе диалогымен қосталып отырылуы керек.
- Ағылшын тілінің сабақтары өте қызықты және көңілді, олардың тақырыбы балаларға таныс ұғымға байланысты болуы қажет. Сөйтіп, балалар бірден екі жаңа нәрсемен таныспайды - жаңа ұғым және жаңа тіл, бірақ енді олар белгілі болған ұғым туралы ағылшын тілінде айтуға үйренеді.
- Сабақ уақытында арнайы заттарды қолданған өте жақсы, өйткені бұл балаға ұғымдарды түсінуге көмектеседі және жалпы қызығушылықты арттырады.



Оқу

Өз ана тілінде жақсы оқи алатын балалар ағылшын тілінде оқуды сүйсініп үйренеді. Мәтіннің мағынасын түсіну үшін олар сөздерді қалай талқылау керек екенін біледі. Ағылшын тілінде мәтіндерді оқығанда меңгерілген техникаларын қолданып және ағылшын тілінде оқуды өз ана тіліне тән екіпінмен оқуды үйрене алады.

Ағылшын тілінде оқудан бұрын, балаларға әліпбидің 26 әріптерінің атауы және олардың таңбаланушы дыбыстарын жаттап алуы керек. Себебі, ағылшын тілінде 26 әріп болғанымен, (үйреншікті ағылшын тілінде) орташа санмен 44 дыбыс бар, бала сөйлеу тілінде және ағылшын тілінде оқу жағынан жеткілікті тәжірибесі болғаннан кейін ғана дыбыстардың оқылу ерекшелігімен танысуды бастауға болады.

Егер бала тілді жақсы меңгерген болса, ол ағылшын тілінде оқуды оңай игереді. Суреттері бар кітапшаларды оқып отыратын немесе өлеңдер жаттайтын көп балалардың өздері ағылшын тілінде оқуды үйреніп алады, себебі сөздердің жазылуын еске сақтайды. Мәтінді жатқа айту оқудың өте маңызды кезеңі болып саналады өйткені балаларға сөздерді өз бетімен талқылауда талқылау жүйесін жасауға мүмкіндік береді. Бала оқи алатын сөздерден өз сөз қорын жасайды, ол өзін сенімдірек сезеді және жүйеленген оқыту әдістерімен оқуға дайын болады.



Ата-аналық қолдау

Балаларға жетістіктерге жеткендігін ата-анасының білу өте маңызды. Оларға тұрақты қолдау және мақтау керек, өйткені кез келген жетістіктер ынталандырады. Ағылшын тілін үйрену деңгейі бастапқы болса да және ата-аналар өз балаларымен тілді бірге үйренсе де, басқа адамдармен салыстырғанда, олар өз балаларына неғұрлым жақсы ықпал бере алады.

Балалармен бірлескен іс-әрекеттер өткізе отырып, ата-аналар ағылшын тіліндегі қарым-қатынастың отбасылық дәстүрлерін бастап ғана емес, сонымен бірге өз балаларының басқа тілдерді үйренуге және басқа мәдениеттерге деген көз-қарастарына ықпал етеді. Көбінесе өмірге деген көз қарастар сегіз немесе тоғыз жас шамасында қалыптасады.

Толығырақ ақпаратты

www.britishcouncil.org/parents сайтында таба аласыз.





www.britishcouncil.org/parents

British Council ата-аналарға қолғабыс ретінде шығарылған кітапшалар топтамасының бірі.

Автор: Опал Данн, британ жазушысы және білім сұрақтары бойынша кеңесшісі, RealBook Newsдың негіздеушісі.

© **British Council 2008**

The United Kingdom's international organisation for cultural relations and educational opportunities.

A registered charity: 209131 (England and Wales) SC037733 (Scotland).